

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы 8D091 Ветеринария (6D120100 – Ветеринариялық медицина, 6D120200 – Ветеринариялық санитария мамандықтары; 8D09101 – Ветеринариялық медицина; 8D09102 – Ветеринариялық санитария білім беруағдарламалары) кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер. Есептік жылы 16 отырыс өткізілді.

8D091 – Ветеринария кадрларын даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің құрамы (6D120100 – Ветеринариялық медицина, 6D120200 – Ветеринариялық санитария мамандықтары; 8D09101 – Ветеринариялық медицина, 8D09102 – Ветеринариялық санитария білім бағдарламалары) университет ректорының «Диссертациялық кеңестердің тұрақты құрамын бекіту туралы» №191-нқ бұйрығымен 30.12.2024 ж. бекітілді.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері ретінде келесі тұлғалар енгізілді:

- Ибрагимов П.Ш., в.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасы – Ректордың Бірінші орынбасары, кеңес төрағасы;
- Сансызбай А.Р., в.ғ.д., профессор, кеңес төрағасының орынбасары;
- Sobiech Przemyslaw Hubert, в.ғ.д., Варминьско-Мазур университетінің (Ольштын, Польша) профессоры, диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі;
- Сарыбаева Д.А., PhD, қауымдастырылған профессор, ғалым хатшы.

Әрбір қорғау үшін диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ректордың бұйрығымен бекітілді. Бұл бұйрық кеңес төрағасының ұсынысы бойынша ғылым департаментінің директорының келісімімен шығарылды. Барлық уақытша мүшелер диссертациялық кеңес отырыстарына қатысып, қорғау кезеңінде белсенділік танытты.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Аты-жөні	Мамандығы / Білім беру бағдарламасы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (білім алған орны)
1	Базарбаев Рыскелди Кантореевич	6D120100 – Ветеринариял ық медицина	Құстың жұқпалы бронхиті және Ньюкасл ауруына қарсы поливалентті инактивтелген вакцина дайындауға қолданылатын	Асанов Нигметулла – ветеринария ғылымдарының докторы, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу	ҚазҰАЗУ

			вирустар штамдарының сипаттамасы	университеті» КеАҚ биологиялық қауіпсіздік кафедрасының профессоры (ҚР); Valdovska Anda – PhD, Латвия жаратылыстану ғылымдары және технологиялар университетінің профессоры (Латвия, Елгава қ.).	
2	Шорманова Маржан Муратовна	6D120100 – Ветеринария лық медицина	Асыл тұқымды бұқаларда TNP генет икалық варианттарын идентификациялау және спермийлердің ұрықтандырғыш қасиетін бағалау	Койбағаров Канат Уканович – ветеринария ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ клиникалық пәндер кафедрасының профессоры (ҚР); Усенбеков Есенғали Серинович – биология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ клиникалық пәндер кафедрасының профессоры (ҚР); Aleksandra Platt- Samoraj – ветеринария ғылымдарының докторы, Вармин- Мазур университетінің профессоры (Польша, Олыштын қ.).	ҚазҰАЗУ
3	Исабеков Самат Серинович	6D120200 – Ветеринария лық санитария	Мал шаруашылығы нысандарын зарарсыздандыруда бактериофагтарды дайындау және	Алиханов Куантар Дауленович –PhD, «Фармакология және жануарлар патологиясы»	ҚазҰАЗУ

			қолдану. (2025 жылдың 14-ақпанына жоспарланған диссертациялық жұмысын қорғауы Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің қолданыстағы бұйрығының 30 тармағына сәйкес Исабеков Самат Сериковичтің 27.01.2025 ж. №04-05-780 тіркелген жеке өтініші бойынша қорғаудан алынды. Диссертациялық қорғау 26.06.2025 жылы өтіп, PhD дәрежесін алды).	кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (ҚР); 2. Еспембетов Болат Аманбаевич- ветеринария ғылымдарының кандидаты, профессор, микробиология зертханасының меңгерушісі ҚР ДСМ «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары» ҒЗИ (ҚР); 3. Шестаков Андрей Геннадьевич - биология ғылымдарының кандидаты, микробиология, вирусология және эпизоотология және ветеринариялық санитариялық сараптау кафедрасының доценті, П.А.Столыпин атындағы Ульяновск мемлекеттік аграрлық университеті (РФ).	
4	Джуматаева Күміс Құдайбергенқызы	8D09101 – «Ветеринариялық медицина»	Повышение репродуктивной функции коров с использованием биотехнологических методов воспроизводства	Джуланов Мардан Нурмухамбетович – ветеринария ғылымдарының докторы, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ клиникалық пәндер кафедрасының профессоры (ҚР);	ҚазҰАЗУ

				Атанасов Бранко – PhD, Кирилл және Мефодий университетінің ветеринариялық медицина факультетінің қауымдастырылған профессоры (Солтүстік Македония, Скопье қ.).	
5	Муслимова Жадыра Умирбеккызы	8D09101 – «Ветеринариялық медицина»	Сиырларда желінсауға резистенттілік ДНҚ маркерлері және оларды идентификация жасау	Усенбеков Есенгали Серикович – биология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ клиникалық пәндер кафедрасының профессоры (ҚР); Chandra Pareek - PhD, Николай Коперник университетінің биология және ветеринария факультетінің профессоры (Польша, Торун қ.).	ҚазҰАЗУ
6	Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызы	6D120100 – «Ветеринариялық медицина»	Trichophyton verrucosum қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу. (12.06.2025 ж. жұмыс пысықтауға қалдырылып, 06.10.2025 ж. жұмыс қаралып, PhD дәрежесі берілді)	Умитжанов Мынбай-ветеринария ғылымдарының докторы, «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (ҚР); Титова Татьяна Николаевна – биология ғылымдарының кандидаты, Ресей	ҚазҰАЗУ

				федерациясының Денсаулық сақтау министрлігінің ФМБ ЖББМ, «Башқұрт мемлекеттік медицина университеті» іргелі және қолданбалы микробиология кафедрасының доценті (РФ).			
7	Турабеков Манас Рамазонович	8D09102 – «Ветеринария лық санитария»	Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау	Алиханов Куантар Дауленович - PhD, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ фармакология және жануарлар патологиясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры (ҚР); Еспембетов Болат Аманбаевич - ветеринария ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР ДСМ «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары» ҒЗИ микробиология зертханасының меңгерушісі (ҚР); Przemyslaw Sobiech - ветеринария ғылымдарының докторы, Вармин - Мазур университетінің ішкі аурулар кафедрасының профессоры (Польша).	ҚазҰАЗУ		
8	Апдраим Гүлбану Апдраимқызы	8D09102 - «Ветеринария лық	Ветеринарно- санитарная оценка продуктов	Сарсембаева Нуржан Билтебаевна –	ҚазҰАЗУ		

		санитария»	перепеловодства при использовании кормовой добавки вермикулит	ветеринария ғылымдарының докторы, ветеринариялық санитария кафедрасының профессоры, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (ҚР); Lozowicka Bozena – химия ғылымдарының докторы, профессор, өсімдіктерді қорғау ұлттық ғылыми-зерттеу институтының директоры (Польша, Белосток).	
9	Садуакасова Меруерт Акберовна	6D120100– «Ветеринариялық медицина»	Разработка геномных тест-систем для идентификации и индикации топотипов вируса ящура, циркулирующих в странах Центральной Азии, представляющих угрозу Республике Казахстан	Кутумбетов Леспек Бекболатович – ветеринария ғылымдарының докторы, «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары» ғылыми-зерттеу институтының аса қауіпті аурулар зертханасының меңгерушісі (ҚР); Donald King – PhD, везикулярлық аурулар бойынша Референс-зертхананың жетекшісі (FAO & WRLMD), Пирбрайт институты, Ұлыбритания.	ҚазҰАЗУ

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау

Базарбаев Р.К. «Құстың жұқпалы бронхиті және Ньюкасл ауруына қарсы поливалентті инактивтелген вакцина дайындауға қолданылатын вирустар

штамдарының сипаттамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында Қазақстандағы Ньюкасл ауруы мен тауықтың жұқпалы бронхитінің таралуына мониторинг жүргізген. Вирусологиялық және серологиялық әдістер арқылы қоздырушыларын бөліп алынған, олардың антигендік қасиеттері анықталған, сонымен қатар молекулалық-генетикалық әдістерді қолданып аталған ауруларды дифференциялауға бағытталған балау жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде поливалентті инактивтендірілген вакцина дайындауға тиімді штаммдар іріктелген.

Шорманова М.М. «Асыл тұқымды бұқаларда TNP генетикалық варианттарын идентификациялау және спермийлердің ұрықтандырғыш қасиетін бағалау» тақырыбында қазақтың ақ бас, алатау және голштин тұқымдас бұқаларында TNP2 және SPEF2 гендерінің аллельдік нұсқаларының таралуын зерттеп, олардың репродуктивтік көрсеткіштермен ассоциациялық байланыстарын анықтаған. Зерттеу нәтижелері асыл тұқымды бұқалардың фертильдігі мен эмбрионалдық өлімге әкелетін генетикалық кемтарлықтардың таралуын бағалауға мүмкіндік берген.

Исабеков С.С. «Мал шаруашылығы нысандарын зарарсыздандыруда бактериофагтарды дайындау және қолдану» тақырыбында сыртқы орта нысандарынан бактериофагтар бөліп алып, соның негізінде инновациялық дезинфекциялық препарат әзірлеген. Дайындалған препарат бактериялық инфекцияларды болдырмауға, санитариялық сапасы жоғары өнім алуға мүмкіндік береді. ҚР АШМ Ветеринария департаментімен препаратқа нормативтік-техникалық құжаттама бекітіліп, тәжірибелік өнеркәсіптік үлгінің сапа сертификаты мен тіркеу куәлігі алынған.

Джуматаева К.Қ. «Повышение репродуктивной функции коров с использованием биотехнологических методов воспроизводства» тақырыбында Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі ірі қара мал табындарын зерттеп, сиырлардың өніп-өсу қызметін арттыруға бағытталған кешенді бағдарламалар әзірлеген. Ұрықтану тиімділігін арттыру үшін күйлеуді сәйкестендірудің оңтайлы хаттамалары жасалып, олардың экономикалық тиімділігі бағаланған.

Муслимова Ж.У. «Сиырларда желінсауға резистенттілік ДНҚ маркерлері және оларды идентификация жасау» тақырыбында голштейн тұқымдас сиырларында клиникалық және субклиникалық желінсауға төзімділікке байланысты ДНҚ маркерлерін зерттеп, ПТР әдісі арқылы патогендік микроорганизмдерді идентификациялауға және антибиотикке резистенттілігін анықтауға мүмкіндік берген.

Әбдіраманова Б.А. «*Trichophyton verrucosum* қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу» тақырыбында Алматы, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы ірі қара малдарының трихофития індеттік ахуалын зерттеп, поливалентті вакцинаның алдын алу және емдік тиімділігін зерттеген.

Турабеков М.Р. «Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау» тақырыбында йод және сутегі асқын тотығы негізінде көпкомпонентті дезинфекциялық композициялар әзірлеп, олардың бактерицидтік белсенділігі мен экологиялық қауіпсіздігі көрсетілген.

Андраим Г.А. «Ветеринарно-санитарная оценка продуктов перепеловодства при использовании кормовой добавки вермикулит» тақырыбында бөдене етіне «Вермикулит» азықтық қоспасының әсерін зерттеп, өнімдердің химиялық құрамын, аминқышқылдар мен май қышқылдарының құрамын, сондай-ақ ауыр металдардың қалдық мөлшерін зерттеп, ветеринариялық санитариялық бағалаған.

Садуакасова М.А. «Разработка геномных тест-систем для идентификации и индикации топотипов вируса ящура, циркулирующих в странах Центральной Азии, представляющих угрозу Республике Казахстан» тақырыбында Орталық Азия елдеріндегі аусыл вирусының топотиптерін анықтайтын және сәйкестендіретін нақты уақыт режиміндегі RT-PCR негізіндегі диагностикалық тест-жүйелер кешенін әзірлеген. Жүйелер вирустың серотиптік ерекшелігін нақты анықтап, жоғары сезімталдық пен ерекшелікті қамтамасыз етеді.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Базарбаев Р.К. диссертациялық жұмысы «Құстардың жұқпалы бронхитіне және Ньюкасл ауруына қарсы поливалентті инактивтелген вакцина дайындау үшін пайдаланылатын вирус штамдарының сипаттамасы» тақырыбында 2019–2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіркеуі №0119РКИ0320 ынталы жоба аясында орындалған.

Шорманова М.М. «Асыл тұқымды бұқаларда TNP генетикалық варианттарын идентификациялау және спермийлердің ұрықтандырғыш қасиетін бағалау» тақырыбындағы зерттеулері ҚР Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің «Ірі қара малында жасырын генетикалық мутацияларды балау әдістерін ойлап табу және тұқымқуалайтын кемтарлықтарды жою үрдісін басқару», ИРН АР09057988 (2021–2023 жж.) гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылған.

Исабеков С.С. диссертациялық жұмысы №230-16-ГК «Медициналық мекемелерді, тамақ өндірістерін және тұрғын үй-жайларды зарарсыздандыруға арналған жаңа полифаг биопрепаратын коммерцияландыру» бюджеттік бағдарламасы аясында орындалған.

Джуматаева К.Қ. зерттеулері АӨК саласындағы қолданбалы ғылыми жобалар (О.0879) шеңберінде орындалып, «Мал шаруашылығында селекция әдістерінің тиімділігін арттыру», «Асыл тұқымды етті мал шаруашылығы

саласындағы селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу» және «Оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерде төл шығымын арттыру үшін асыл тұқымды табындардағы көбею мәселелерін зерттеу және заманауи әдістерді қолдану» (2018–2020 жж.) жобаларына сәйкес жүргізілген.

Муслимова Ж.У. «Сиырларда желінсауға резистенттілік ДНҚ маркерлері және оларды идентификация жасау» тақырыбында зерттеу жұмыстарын бірнеше гранттық жобалар аясында жүргізген: ИРН AP09057988 (2021–2023 жж.), ИРН AP19674808 (2023–2025 жж.), ИРН AP22682970 (2024–2026 жж.). Жобалар ірі қара малдың генетикалық ресурстарын зерттеу және селекциялық жұмыстарға негізделген.

Әбдіраманова Б.А. диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы 2018-2020 жж. «Бордақылау алаңында бұқашықтарды піштіру, олардың белсенділігін басу, сұрыптау, жарамсыз деп танудың практикалық технологияларын әзірлеу», тақырыбы бойынша ҚР АШМ БМҚ бағдарламасы бойынша, BR06249373-OT-20 (2018-2020 жж.) және 2022-2024 жылдары «Жас-Ғалым» жобасы бойынша жүргізілген.

Турабеков М.Р. «Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау» тақырыбында жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы (AP09058530, 2021–2023 жж.) аясында орындалған.

Андраим Г.А. «Вермикулит» азықтық қоспасының бөдене өнімдеріне әсерін зерттеген. Зерттеу нәтижелері «Салем Құс» ЖШС шаруашылығына енгізілген және Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу процесінде қолданылуда.

Садуакасова М.А. диссертациялық жұмысы ҚР АШМ мемлекеттік ғылыми бағдарламасы (0115RK01952) және Біріккен Корольдіктің DEFRA халықаралық жобалары (SE2943, SE1129) және BBSRC гранттары (BB/E/I/00007017) қолдауымен жүргізілген. Жоба Орталық Азия елдеріндегі аусыл вирусының топотиптерін диагностикалау мен сәйкестендіруге бағытталған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Базарбаев Р.К. Солтүстік Қазақстан аумағындағы өнеркәсіптік құс фабрикаларының құс популяциясы арасында Ньюкасл вирусының және тауықтардың жұқпалы бронхитінің штамдарының таралуы бойынша мониторингтік зерттеу жүргізілген. Кері транскрипциялық полимеразды тізбекті реакция арқылы тауықтың жұқпалы бронхиті мен Ньюкасл ауруы вирустарының геномдарын бір мезгілде анықтау және саралау әдісін жетілдірген. Жұмыс жүргізу барысында Қазақстан Республикасының патенттері алынған («Ньюкасл ауруын диагностикалау тәсілі» ҚР патенті (пайдалы модель) 01.07.2022 ж. №7256 және «Тауықтардың жұқпалы бронхитін серологиялық диагностикалау тәсілі» ҚР патенті (пайдалы модель) 01.07.2022 ж. №7257).

Шорманова М.М. диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы, Алматы облысы Еңбекшіқазақ, Талғар аудандары жағдайларында өндірісте қазактың ақ бас тұқымдас, Алатау және голштин тұқымдас бұқаларында екі ген локустары бойынша, TNP2, SPEF2 гендері, ген аллелдерінің бұқалардың репродуктивтік көрсеткіштері, либидо, жыныстық қатынасқа түсу қабілеті, қанша мерзімге дейін бұқалардың жоғарғы дәрежеде жыныстық белсенділігін сақтау коэффициенттері зерттелген.

Исабеков С.С. ветеринариялық практикаға ветеринариялық-санитариялық қадағалау объектілерін, ветеринариялық және мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, балық, тамақ өндірісі нысандарын, технологиялық жабдықтарды, сондай-ақ қолайсыз пункттерді, қауіп төндіретін аймақтарды, сою пункттерін, ет, сүт, жұмыртқа шикізатын қайта өңдеуге байланысты тамақ өндірістерін, ауру малдардан алынған бруцеллез, псевдотуберкулез, дифтерия, сальмонеллез, колибактериоз және жас жануарлардың диарея ауруларын тудыратын микрофлорадан (протей, клебсиела, псевдомоноз, энтерококктар, иерсиниялар және төзімділігі бойынша бірінші топқа жататын басқа да инфекциялар) алдын алуға арналған жаңа бактериофагтарға негізделген дезинфекциялау құралы ұсынылды. Препарат құрамында ауру тудырушы бактерияларға қарсы әртүрлі бактериофагтар бар.

Джуматаева К.Қ. Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының шаруашылықтарында алғаш рет сиырларда күйлеуді стимулдеу және сәйкестендіру хаттамаларын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл ретте қолданыстағы нобайлар жетілдіріліп, жаңа сәйкестендіру нобайлары әзірленді, сиырларды ұрықтандырудың оңтайлы уақытын анықтау, шәуетті енгізу орны бойынша зерттеулер жүргізілді. Зерттеу нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалып, ғылыми журналдарда жарияланды және ҚазҰАЗУ, Торайғыров университеті, Шәкәрім университеті, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, БҚИТУ, А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ оқу үдерісіне енгізілді. Жетілдірілген және жаңадан әзірленген күйлеуді сәйкестендіру хаттамалары сиырлардың өніп-өсу қызметін арттыратынын атап өткен жөн. Нобайларда әрбір компоненттің қолданылуы теориялық тұрғыдан негізделіп, олардың практикада тиімділігі анықталды. Сонымен қатар, күйлеуді стимулдеу және сәйкестендіру кезінде сиырлардың өніп-өсу қызметін реттеу үшін күйіттеуші-бұқаларды пайдалану негізделді. Жыныстық ағзаларға электростимулдеу жүргізу әдістері ұсынылып, ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Әртүрлі климаттық факторлардың сиырларда жыныстық күйлеуді сәйкестендіру тиімділігіне ықпалы зерттелді. Қан құрамындағы эстрадиол 17 β гормонының динамикасына әртүрлі сәйкестендіру хаттамалары мен климаттық факторлардың ықпалы анықталды. Өндірісте әзірленген және ұсынылған хаттамаларды қолдану практикалық тұрғыдан ыңғайлы және орындалуы оңай, сонымен қатар олар сүтті және етті бағыттағы малдар үшін де тиімді болып табылады.

Муслимова Ж.У. Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы – сүт фермалары жағдайында сиырларда клиникалық және субклиникалық

формаларының таралуын анықтау үшін ай сайын мониторинг жүргізіліп отырды, субклинкалық желінсауға балау экспресс әдістермен жүргізілді, сонымен қатар сүт бездерінің функционалдық ақуалын бағалау үшін сүт құрамындағы соматикалық торшалар санын анықтау тәсілі қолданылды. Клиникалық желінсауда патогенді агенттің, микробиологиялық құрамын және олардың антибиотикке резистенттілігін анықтау үшін ПТР тәсілі қолданылды, микроорганизмнің түрін анықтау, оның антибиотиктерге резистенттілігін анықтау нәтижесіне сәйкес емдеу жүргізу нәтижесін көтеруге мүмкіндік береді.

Әбдраманова Б.А. Қазақстан Республикасының әрбір зерттелінген өңірілерінде ірі қара малдың трихофития індетіне шалдығу деңгейі анықтаған, ірі қара малдың трихофития індеттінің ахуалын анықтау барысында ҚР пайдалы моделіне патентін алған («Залалды материалда *Trichophyton verrucosum* – ды анықтау әдісі. ҚР №8224 Пайдалы модель патенті, 2023 жыл 30 маусым). Алғаш рет ветеринария саласында *Trichophyton verrucosum* дерматофитін залалды материалда ПТР арқылы жедел балау қою әдісін қойып, ірі қара малдың трихофитиясына қарсы ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаны өндірістік жағдайда аталмыш ауруға шалдыққан малдарды жоспарлы түрде алдын алу және емдеу жұмыстарын жүргізген.

Турабеков М.Р. сутегі асқын тотығы және йод негізінде отандық дезинфекциялық композиция құрастырылып, зертханалық және өндірістік жағдайда қолдану режимдерін анықтаған. Дайындалған композициялық препараттардың рН көрсеткіші 5,95-7,76 аралығында ауытқып, бейтарап реакция екені анықталып, нәтижесінде жұмысшылардың қолының терісін тітіркендірмей, металдарды коррозияға ұшыратпауы бұл препараттарды құрастыру кезінде маңызды көрсеткіш болып табылатынын дәлелдеді. Профилактикалық дезинфекцияның технологиялық режимін оңтайландыру үшін «Алатау құс» АҚ және «Амиран Агро» ЖШС шаруашылықтары базасында сутегі асқын тотығы және йод негізіндегі дезинфекциялық композициялардың әртүрлі тәсілдермен (аэрозоль және көбік) қолдану режимін анықтау жұмыстарын жүргізіп, «Алатау құс» АҚ шаруашылығында етті бройлер тауықтары құс қорасында 40 тәулікке дейін ұсталатынын ескере отырып, профилактикалық дезинфекциялау мерзімі құстарды тауық қораға орналастырғаннан кейін 20 тәулік ішінде жүргізілуі керек, ал дезинфекциялау жиілігі 20 және 40 тәулікке сәйкес келсе, «Амиран Агро» ЖШС шаруашылығында аэрозоль және көбік әдістерімен залалсыздандырғаннан 30 тәуліктен кейін микроорганизмдердің жинақталуы сәйкесінше: $78,3 \pm 8,4$ және $71,6 \pm 8,2$ мың КТБ/м³ құрап, профилактикалық дезинфекциялау мерзімі 30 тәулік, ал дезинфекцияның жиілігі ай сайын жыл бойы жүргізілуі керек екенін зерттеп, ұсынып отыр.

Апдраим Г.А. жергілікті «Вермикулит» азықтық қоспасы алғаш рет «Техас» және «Маньчжур» түріне жататын бөденелердің негізгі рационында қолданып, азықтық қоспа құстың дамуы мен өсуіне оң әсер еткен. Оның құс

басының сақталуына, өнімділік көрсеткіштеріне, сондай-ақ ет пен жұмыртқаның сапасына қолайлы әсері туралы деректер алынған. Сонымен қатар, бөдене ағзасының физиологиялық, биохимиялық және санитарлық көрсеткіштері жақсарғанын байқаған.

Садуакасова М.А. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде айналымда жүрген аусыл вирусының штаммдарына молекулярлық-генетикалық және филогенетикалық талдау жүргізген, бұл аймақтық бейімделген диагностикалық құралдарды құру қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік берді. Аусыл вирусының (O/ME-SA/PanAsia, Ind-2001, SEA-MCATHya, SEA) ең өзекті топотиптері мен генетикалық линияларын жылдам және дәл анықтауды және көрсетуді қамтамасыз ететін нақты уақыттағы полимеразды тізбекті реакциясы бар кері транскрипцияға негізделген геномдық тест жүйелерінің жиынтығы әзірледі. A/ASIA/G-VII, A/ASIA/Iran-05, Азия-1 және т.б.). Жасалған праймерлер мен зондтар жоғары диагностикалық спецификалықты қамтамасыз ете отырып, вирус тегі арасындағы антигендік және филогенетикалық айырмашылықтарды анықтайтын жоғары айнымалы VP1 аймағына бағытталған. Салыстырмалы зерттеу жүргізілген. Әмбебап 3D rRT-ПТР тест жүйесімен әзірленген тест-жүйелерді валидациялау аусыл вирусын анықтау үшін «алтын стандарт» ретінде пайдаланылған, бұл алынған нәтижелердің жоғары диагностикалық тиімділігі мен сенімділігін растайды. Реагенттерді лиофилизациялау мүмкіндігі көрсетілген, бұл сынақ жүйелерінің белсенділігі мен тұрақтылығын сақтау және тасымалдау кезінде сақтауды қамтамасыз етеді. Алынған нәтижелер аймақтағы өзгеретін эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, вакцина штаммдарының құрамын жаңартуға және патогенді енгізу қаупі туындаған жағдайда алдын алу шараларын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық нәтижелердің практикалық қызметке ену деңгейі

Базарбаев Р.К. жүргізген зерттеу Солтүстік Қазақстан аумағындағы өнеркәсіптік құс фабрикаларының популяциясында Ньюкасл ауруы мен тауықтардың жұқпалы бронхиті штамдарының таралуын анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында кері транскрипциялық полимеразды тізбекті реакция (RT-PCR) әдісі арқылы екі аурудың геномдарын бір мезгілде анықтау мен саралау әдісі жетілдірілген. Жұмыс нәтижесінде «Ньюкасл ауруын диагностикалау тәсілі» (ҚР патенті №7256, 2022 ж.) және «Тауықтардың жұқпалы бронхитін серологиялық диагностикалау тәсілі» (ҚР патенті №7257, 2022 ж.) алынған, бұл әдістер диагностикалық тәжірибеге енгізілген.

Шорманова М.М. диссертациялық жұмысының тәжірибелік маңызы Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Талғар аудандарындағы өндірісте қазақтың ақ бас, Алатау және голштин тұқымдас бұқаларда TNP2 және SPEF2 гендерінің аллельдік варианттары бойынша репродуктивтік көрсеткіштерді, либидо мен жыныстық белсенділікті бағалау арқылы асыл тұқымды бұқалардың селекциялық қызметін жақсартуға мүмкіндік берді.

Исабеков С.С. ветеринариялық практикаға бағытталған, әртүрлі мал шаруашылығы, құс шаруашылығы және тамақ өндірісі нысандарында қолдануға

арналған жаңа бактериофагтарға негізделген дезинфекциялық құрал әзірлеген. Препарат құрамында әртүрлі ауру тудырушы бактерияларға қарсы бактериофагтар бар, бұл оның инфекциялық ауруларды алдын алудағы практикалық тиімділігін қамтамасыз етеді.

Джуматаева К.Қ. сиырларда күйлеуді сәйкестендіру және ұрықтандыру хаттамаларын жетілдіріп, өндірісте қолдану үшін оңтайлы нобайлар әзірлеген. Зерттеу нәтижелері ҚазҰАЗУ, Торайғыров университеті, Шәкәрім университеті және басқа оқу орындарының оқу процесіне енгізілген, әрі сүтті және етті бағыттағы малдардың өніп-өсу қызметін арттыруда қолданылған.

Муслимова Ж.У. клиникалық және субклиникалық желінсауды ай сайынғы мониторинг арқылы анықтап, сүт құрамындағы соматикалық торшаларды бағалау және ПТР әдісі арқылы патогенді агенттің түрін және антибиотикке резистенттілігін анықтау тәсілдерін енгізген. Бұл әдістер сүт фермаларында желінсауды тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Әбдіраманова Б.А. ірі қара малдың трихофития індетін зерттеп, ПТР арқылы жедел балау қою әдісін ветеринария саласында алғаш рет қолданған. Сонымен қатар, поливалентті инактивтелген вакцинаны өндірісте енгізу арқылы малдарды алдын алу және емдеу іс-шаралары жүргізілген. Жұмыс нәтижелері ҚР патентімен №8224 (2023 ж.) расталған.

Турабеков М.Р. сутегі асқын тотығы және йод негізінде отандық дезинфекциялық композиция жасап, зертханалық және өндірістік қолдану режимдерін анықтаған. Препараттар адамға және жануарларға зиянсыз, металл коррозиясына әсер етпейтін бейтарап рН көрсеткіштерімен ерекшеленеді. «Алатау құс» АҚ және «Амиран Агро» ЖШС базасында жүргізілген тәжірибелік зерттеулер композицияларды аэрозоль және көбік әдістерімен қолдану режимдерін дәл анықтауға мүмкіндік берген.

Апдраим Г.А. «Вермикулит» азықтық қоспасын бөденелердің негізгі рационында алғаш рет қолданып, құстың өсуі, дамуы, өнімділік көрсеткіштері және ет пен жұмыртқаның сапасын арттыруға практикалық әсерін дәлелдеген. Сонымен қатар, физиологиялық, биохимиялық және санитарлық көрсеткіштер жақсарған.

Садуакасова М.А. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде айналымдағы аусыл вирусының штаммдарын молекулярлық-генетикалық және филогенетикалық талдау арқылы жылдам және дәл анықтау мүмкіндігін қамтамасыз еткен нақты уақыттағы RT-PCR геномдық тест жүйесін әзірлеген. Әзірленген тест жүйелері эпизоотиялық жағдайға сәйкес вакцина штаммдарын жаңартуға және алдын алу шараларын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді, сондай-ақ халықаралық стандарттармен салыстырғанда жоғары диагностикалық сезімталдыққа ие.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық кеңес отырыстарында қорғалған диссертацияның ресми рецензенттері қаралып, бекітілді. Ресми рецензенттер – ҚР Ғылым және жоғары

білім министрлігінің ғылыми басылымдарының тізіміне енгізілген журналдарда, сондай-ақ WoS немесе Scopus деректер базаларындағы басылымдарда немесе шетелдік рецензияланатын журналдарда докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде бес ғылыми мақала жариялаған ғылыми ұйымдардың жетекші мамандары болып табылады.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу қағидасын жетекшілікке ала отырып тағайындады. Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін тапсырды, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қорытындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

Аталған пікірлерге сүйене отырып, ресми рецензенттер мамандық (білім беру бағдарламасы) бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қорытынды шешім қабылдады. Ресми рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері белгіленген талаптарға толық сәйкес келді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- Докторанттар мен ғылыми кеңесшілердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында статистикалық талдау, биоинформатика, геномдық деректерді өңдеу және жасанды интеллект әдістерін меңгеру, сондай-ақ жоғары рейтингті халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланымдар жасау және заманауи бағдарламалық пакеттерді (R, Python, SAS, GraphPad, QGIS, Nextstrain, Geneious, EpiInfo, Tableau, Cytoscape, JASP, SPSS, STATA) қолдану бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру ұсынылады.

- Докторанттардың шетелдік ғылыми кеңесшілерін тек ресми қатысушы ретінде емес, тұрақты академиялық әріптес ретінде тарту маңызды, бұл ғылыми тәжірибені байыту мен халықаралық деңгейде кәсіби біліктілікті арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай әріптестік докторант пен кеңесшілердің бірлескен зерттеу жобаларын және жоғары рейтингті халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланымдарды жүйелі түрде жүргізуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, докторанттардың халықаралық ғылыми консорциумдарға, гранттық бағдарламаларға және бірлескен зерттеулерге қатысуын ынталандырады, зерттеу сапасын көтеріп, еліміздің ғылымын жаһандық ғылыми кеңістікке тиімді енгізілуіне ықпал етеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 9.

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 1.

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 1.

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

Диссертациялық
кеңестің төрағасы



Ибрагимов П.Ш.

Диссертациялық
кеңестің ғалым хатшысы



Сарыбаева Д.А.

